

**«Жыл мұғалімі» облыстық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1-тарау. Жалпы ереже

1.1. «Жыл мұғалімі» облыстық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы ережесі Конкурсты ұйымдастыру, өткізу және қатысу тәртібін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауын және Конкурстың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

1.2. Аудандық (қалалық), облыстық деңгейде Конкурстың аталған кезеңінің жеңімпазын айқындау және Конкурстың келесі кезеңіне қатысуға ұсынымдар беру үшін Конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

2-тарау. Конкурсқа қатысу тәртібі

2.1. Конкурсқа білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері болып табылатын және Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде 5 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер қатысады (бұдан әрі Конкурсқа қатысушы).

2.2. Конкурсқа қатысушы Конкурсқа құжаттарды (материалдарды) қағаз жүзінде ұсынылады.

2.3. Ұсынылған құжаттарда (материалдарда) плагиат анықталған жағдайда Комиссия Конкурсқа қатысушыға Конкурстан шеттетілгені туралы хабарлайды. Еркін нысанда хабарлама Конкурсқа қатысушының жұмыс орнына жіберіледі.

3-тарау. Конкурсты өткізу мерзімі

3.1. Конкурсты жыл сайын Білім беру басқармасы, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы өткізеді.

3.2. Конкурс 2 кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық (қалалық) деңгей (қаңтар айында).

II кезең – облыстық деңгей (ақпан – қыркүйек).

3.3. II кезең (облыстық деңгей) IV турда өткізіледі:

I тур – Конкурсқа қатысушы ұсынған құжаттарды (материалдарды) бағалау: портфолио, бейнеролик, сабақтың бейнежазбасы (ақпан айы, онлайн форматта).

II тур – Олимпиадалық тапсырмаларды шешу (наурыз айы, оффлайн формат).

III тур - Сабақ өткізу (сәуір айы, оффлайн форматта).

IV тур – Портфолионы қорғау (қыркүйек айы, оффлайн форматта).

4-тарау. Конкурстың I кезеңін өткізу тәртібі

4.1. Конкурстың I кезеңі - **қаңтар айында** өткізіледі, онда II кезеңге қатысуға ұсынылған Конкурс жеңімпаздары айқындалады.

4.2. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін бөлім басшысының бұйрығымен аудандық (қалалық) Комиссия құрылады және Комиссия мүшелеріне Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) қарау үшін қағаз жүзінде рұқсат беріледі.

4.3. Комиссия бөлімнің қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен құрылады.

4.4. Комиссия мүшелерінің саны кемінде тоғыз адамды құрайды. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп саналады.

4.5. Комиссия төрағасы, төраға орынбасары Комиссия мүшелерінен сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

4.6. Аудандық (қалалық) «Жыл мұғалімі» конкурсы туралы комиссияның шешімі Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.7. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

4.8. Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін білім беру бөлімдеріне Конкурсқа қатысушы келесі құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- 1) Қатысушының толтырылған өтінімі;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) Білім беру ұйымының басшысы растаған Конкурсқа қатысушыға арналған қазақ немесе орыс тілдерінде ұсыныс;

- 4) Жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;

- 5) Ережедегі (1 қосымша) құрылымға сәйкес оқыту тіліндегі портфолиосы;

- 6) Ережедегі көрсетілген талаптарға және техникалық шарттарға сәйкес (2 қосымша) және Aitube, Youtube және т.б бейнехостинг сайттарында орналастырылған, ұзақтығы 1 (бір) минутты құрайтын үздік педагогикалық тәжірибенің трансляциясы бейнероликке сілтеме. Бейнероликтің мазмұны қатысушының ұсынылған тақырып бойынша өз қабылдауын, көзқарасын және ойларын жаңғыртуу керек (Тақырыптар: «Жүрек жылуы», «Менің педагогикалық ұстанымым», «Өз ісінің шебері», «Табысты болуды үйрен», «Мұғалім – қиындықты жеңілдете білетін адам»);

- 7) Ережедегі (3 қосымша) көрсетілген бағалау критерийлеріне сәйкес келетін және Aitube, Youtube және т.б бейнехостинг сайттарында орналастырылған, ұзақтығы 15 (он бес) минут сабақ жоспарымен сабақтың бейнежазбасына сілтеме;

4.9. Конкурсқа қатысушылардың кәсіби қызметіндегі жетістігі ережедегі (4 қосымша) сәйкес өлшемшарттар бойынша бағаланады.

5-тарау. Конкурстың II кезеңін өткізу тәртібі

5.1. Конкурстың I кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар II (облыстық) кезеңге қатысуға жіберіледі.

5.2. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін құрамы Басқарманың бұйрығымен бекітілетін облыс Комиссиясы құрылады.

5.3. Комиссия Басқарманың қызметкерлерінен, әдістемелік қызмет, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен құрылады.

5.4. Комиссия мүшелерінің саны кемінде тоғыз адамды құрайды. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп саналады.

5.5. Комиссия төрағасы, төраға орынбасары Комиссия мүшелерінен сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

5.6. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін Конкурсқа қатысушы келесі құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- 1) Қатысушының толтырылған өтінімі (5 қосымша);
- 2) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) Конкурстың I кезеңінің қорытындысы бойынша ауданның (қаланың) білім беру бөлімдерінің Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді;
- 4) Білім беру бөлімінің басшысы растаған Конкурсқа қатысушыға арналған қазақ немесе орыс тілдерінде ұсыныс;
- 5) Жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 6) Ережедегі (1 қосымша) құрылымға сәйкес оқыту тіліндегі портфолиосы;
- 7) Ережедегі көрсетілген талаптарға және техникалық шарттарға сәйкес (2 қосымша) және Aitube, Youtube және т.б бейнехостинг сайттарында орналастырылған, ұзақтығы 1 (бір) минутты құрайтын үздік педагогикалық тәжірибенің трансляциясы бейнероликке сілтеме. Бейнероликтің мазмұны қатысушының ұсынылған тақырып бойынша өз қабылдауын, көзқарасын және ойларын жаңғыртуу керек (Тақырыптар: «Жүрек жылуы», «Менің педагогикалық ұстанымым», «Өз ісінің шебері», «Табысты болуды үйрен», «Мұғалім – қиындықты жеңілдете білетін адам»);
- 7) Ережедегі (3 қосымша) көрсетілген бағалау критерийлеріне сәйкес келетін және Aitube, Youtube және т.б бейнехостинг сайттарында орналастырылған, ұзақтығы 15 (он бес) минут сабақ жоспарымен сабақтың бейнежазбасына сілтеме;

6-тарау. Конкурстың II кезеңінің I туры өткізу тәртібі

6.1. Комиссия мүшелері Конкурсқа қатысушылардың кәсіби қызметіндегі жетістігін ережедегі (4 қосымша) сәйкес өлшемшарттар бойынша бағалайды.

6.2. Әзірленген критерийлер негізінде жиналған баллдарға сәйкес Конкурсқа қатысушылар II турға жіберіледі.

6.3. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

7-тарау. Конкурстың II кезеңінің II туры өткізу тәртібі

7.1. Конкурсқа қатысушылар олимпиадалық тапсырмаларды (стандартты емес тапсырмаларды) орындайды.

7.2. Олимпиадалық тапсырмаларды орындау үшін барлық пәндер бойынша 4 астрономиялық сағаттан артық уақыт бөлінбейді.

7.3. Ұсынылған олимпиадалық тапсырмалардың 70%-дан астамын орындаған Конкурсқа қатысушылар III турға жіберіледі.

7.4. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

8-тарау. Конкурстың II кезеңінің III турының өткізу тәртібі

8.1. Конкурса қатысушылар ұсынылған мектепте, сыныпта ашық сабақ өткізеді.

8.2. Өткізілетін ашық сабақ күнтізбелік-тақырыптық жоспар тақырыбынан ауытқымауы тиіс.

8.3. Конкурса қатысушының сабақта заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану кәсіби құзыреттілігі бағаланады.

8.4. Өзірленген критерийлер негізінде жиналған баллдарға сәйкес Конкурса қатысушылар IV турға жіберіледі.

8.5. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

9-тарау. Конкурстың II кезеңінің IV турының өткізу тәртібі

9.1. Конкурса қатысушы өзінің білім беру қызметіндегі жеке кәсіби жетістіктері, білім алушыларының оқуы мен тәрбиесі және дамуының нәтижелері, белгілі бір уақыт аралығындағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ұсынылған портфолиосын қорғайды.

9.2. Конкурстың қорытындысын Комиссия мүшелері шығарады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

9.3. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

9.4. Конкурстың II кезеңінің қорытындысы қыркүйек айында облыс аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Павлодар облысы білім беру басқармасының және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

9.5. Конкурс жеңімпаздары үшін:

Бас жүлде – 1; I орын – 1; II орын – 1; III орын – 1; үш номинация: «Шеберлік шыңына» - 1, «Педагог – зерттеуші» - 1, «Шығармашыл педагог» - 1 тағайындалады.

9.6. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі ұстаздар күніне арналған облыстық мереке аясында өтеді.

«Жыл мұғалімі» конкурсының портфолио құрылымы

1. Конкурсқа қатысушының марапаттары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Оқу-ағарту министрлігінің, Білім беру басқармасының, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының, ведомстволық орталықтардың мақтау қағаздары, алғыс хаттар, құрмет грамоталары).
2. Конкурсқа қатысушының қызметінің мониторингі:
 - Соңғы бес жылдағы білім сапасының даму динамикасы (+3) және мониторингі;
 - Олимпиадаларға, кәсіби конкурстарға өзінің қатысуы туралы мәлімет.
3. Ғылыми-әдістемелік қызметі (педагог жұмыс істейтін педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат):
 - Қолданылатын технологиялардың, оқыту әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы;
 - Конкурсқа қатысушының қатысқан семинарлар, дөңгелек үстелдер, фестивальдер бойынша материалдар (бағдарлама, мақала);
 - Зерттеу қызметі (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, Білім беру басқармасының бұйрықтары; Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясының, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұны сараптау орталығының, ұлттық тестілеу орталығының, білім беруді дамытудың инновациялық орталығының, ведомстволық ұйымдарының анықтамалары);
 - Авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлемелері (хаттамадан үзінді және 2 рецензия: 1 - бейіні бойынша ғылыми қызметкерден; 1 – педагог-шебер немесе педагог-зерттеушіден);
 - Білім беру және әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша материалдар (жоба паспорты);
 - Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар (сілтемелер).
4. Білім алушылардың жетістігі: жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының, орындаушы конкурстарының, спорттық жарыстардың жеңімпаздары немесе қатысушылары.
5. Сабақтан тыс қызметі:
 - Білім алушылардың шығармашылық жұмыстары;
 - Білім алушылардың, әріптестерінің, педагогтердің, әлеуметтік әріптестердің, ата-аналардың, қоғамның пікірлері;
 - Волонтерлік қызмет, қайырымдылық іс-шараларға қатысу (анықтама).
6. Эссе - ұсынылған тақырып бойынша жеке әсерді, идеяларды білдіретін шағын көлемді ойлар, шығарма жазу (сөздер саны: 250-300 сөз).
Тақырыптар: «Мұғалім – менің кәсібім», «Мен - заманауи мектеп мұғалімімін», «Алға бас, қызықтыр, баурап ал!», «Жүрегі жылулыққа толы адам», «Нақты уақыттағы саясат қадамдары», «Ұстаз алдында басымды иемін», «Шәкірттерімді ойлауға үйретемін», «Мұғалім еңбегі мәңгі».

«Жыл мұғалімі» конкурсының бейнеролигіне техникалық шарттар

1. Конкурсқа қатысушының есімі жазылған ақпараттық бейнемен рәсімдеу;
2. Бейненің форматы: DVD, MPEG4, ең аз рұқсат етіледі– 720x480 (12:8 см);
3. Бейнероликтің ұзақтығы – 1 минут;
4. Бейнероликтің жанрын (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм) конкурсқа қатысушылар өздері анықтайды, бейнероликтің дыбысталуы бірінші тұлғадан (конкурсқа қатысушыдан) бейнеленеді;
5. Конкурсқа қатысушының қалауы бойынша бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану;
6. Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы эффект, фондық музыка қолданылуы мүмкін;
7. Конкурсқа басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, тақырыпқа сәйкес келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды;
8. Бейнероликтің мазмұны үздік тәжірибелерді трансляциялау жолдары мен әдістерін көрсетеді.

Бейнеролигінің бағалау критерийлері

1. Жұмыс мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестігі;
2. Тақырыпты ашу деңгейі (шығармашылық тәсіл);
3. Техникалық шарттарға сәйкестік.

Бейнежазбаларды бағалау критерийлері

1. Мақсат қою деңгейі:

- сабақ мақсаттарының оқу бағдарламасымен сәйкестігі;
- сабақта мақсатқа жетуді көрсете білу;
- білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескереді;
- зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

2. Педагог білім алушыларды сабақтың мақсаттары қоюға және күтілетін нәтижелерді болжауға үйретеді.

3. Сабақтың әр кезеңінде педагог барлық білім алушыларды белсенді оқуға тартады.

4. Оқу материалын зерделеуді ұйымдастыру кезінде педагог қамтамасыз етеді:

- білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қабілеттерін дамыту.

5. Сабақ барысында мұғалім АКТ ресурстарын пайдаланады:

- білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады;
- өзінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады;
- білім алушылардың бірлескен жұмысы үшін желілік ресурстарды пайдаланады.

6. Педагог әрбір білім алушының/тәрбиеленушінің оқу мақсаттарына қол жеткізудегі прогресін қадағалайды.

7. Педагог білім алушыларды/тәрбиеленушілерді бағалау үдерісіне тартады.

8. Педагог білім алушыларға/тәрбиеленушілерге сындарлы кері байланыс беру үшін жағдай жасайды.

**«Жыл мұғалімі» конкурсы педагогтерінің кәсіби қызметін
бағалау критерийлері**

Балдары		
1-4	5-7	8-10
1. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі (соңғы 5 жылда) – 10 балл		
<p>1 балл – оқытудың инновациялық әдістерін білу, оқыту және тәрбиелеу практикасын зерттеуді білу (соңғы бес жылда);</p> <p>2 балл – оқыту және тәрбиелеу практикасын зерттеу әдістемесін білу (соңғы бес жылда);</p> <p>3 балл – білім сапасын арттыруға ықпал ететін оқытудың инновациялық әдістерінің элементтерін қолдану (соңғы бес жылда);</p> <p>4 балл – оқытудың инновациялық әдістерінің элементтерін қолдану және оқыту, оқыту және тәрбиелеу практикасын зерттеу (соңғы бес жылда).</p>	<p>5 балл – оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу, білім беру сапасын айқындау бойынша диагностикалық құралдардың болуы (соңғы бес жылда);</p> <p>6 балл – оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу, білім сапасы мониторингінің болуы (соңғы бес жылда);</p> <p>7 балл – оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, аудандық деңгейде оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу бойынша тәжірибені тарату; білім беру сапасының динамикасы (соңғы бес жылда).</p>	<p>8 балл – оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, облыстық деңгейде оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу бойынша тәжірибені тарату; білім беру сапасының динамикасы (соңғы бес жылда);</p> <p>9 балл - оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, республикалық деңгейде оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу бойынша тәжірибені тарату, білім беру сапасының динамикасы (соңғы бес жылда);</p> <p>10 балл – оқытудың тиімді және инновациялық әдістерін қолдану, халықаралық деңгейде оқыту және тәрбиелеу практикасына зерттеу жүргізу бойынша тәжірибені тарату; білім беру сапасының динамикасы (соңғы бес жылда).</p>
2. Педагогтің білім беруді дамытуға қосқан үлесі (соңғы 5 жылда) – 10 балл		
<p>1 балл – авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу (соңғы бес жылда);</p> <p>2 балл – авторлық</p>	<p>5 балл – авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу; педагогтердің мақалаларын психологиялық-</p>	<p>8 балл - білім беру немесе әлеуметтік жобаларды іске асыру;</p> <p>аудандық немесе облыстық деңгейде аудандық оқу-әдістемелік кеңес бекіткен авторлық бағдарламаларды,</p>

<p>әдістемелік материалдарды, бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу; педагогтердің семинарларда, конференцияларда және т. б. сөз сөйлеуі (соңғы бес жылда); 3 балл – авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу; педагогтердің мақалаларын психологиялық-педагогикалық басылымдарда, облыстық деңгейдегі БАҚ-та жариялау (соңғы бес жылда); 4 балл – авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу; педагогтердің мақалаларын психологиялық-педагогикалық басылымдарда, республикалық деңгейдегі БАҚ-та жариялау (соңғы бес жылда).</p>	<p>педагогикалық басылымдарда, халықаралық деңгейдегі БАҚ-та жариялау (соңғы бес жылда); 6 балл – білім беру немесе әлеуметтік жобаларды іске асыру (соңғы бес жылда); авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу (соңғы бес жылда); аудандық деңгейде педагогтерді оқыту (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар) (соңғы бес жылда); 7 балл – білім беру немесе әлеуметтік жобаларды іске асыру (соңғы бес жылда); авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар әзірлеу; облыстық деңгейде тәлімгерлік және педагогтерді оқыту (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар) (соңғы бес жылда).</p>	<p>оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу (соңғы бес жылда); - аудандық немесе облыстық деңгейде тәлімгерлік және педагогтерді оқыту (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар) (соңғы бес жылда); 9 балл – білім беру немесе әлеуметтік жобаларды іске асыру (соңғы бес жылда); облыстық немесе республикалық деңгейде облыстық оқу-әдістемелік кеңес бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу; облыстық немесе республикалық деңгейде тәлімгерлік және педагогтерді оқыту (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар) (соңғы бес жылда); 10 балл – білім беру немесе әлеуметтік жобаларды іске асыру; республикалық немесе халықаралық деңгейде республикалық оқу-әдістемелік кеңес бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу; республикалық немесе халықаралық деңгейде тәлімгерлік және педагогтерді оқыту (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар) (соңғы бес жылда).</p>
---	---	---

3. Педагог қызметінің нәтижелілігі (соңғы бес жылда) – 10 балл		
<p>1 балл – ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу (соңғы бес жылда);</p> <p>2 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі (соңғы бес жылда);</p> <p>3 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі;</p> <p>ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы (соңғы бес жылда);</p> <p>4 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы (соңғы бес жылда).</p>	<p>5 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы (соңғы бес жылда);</p> <p>6 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға, кәсіби конкурстарға қатысуы (соңғы бес жылда);</p> <p>7 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға, кәсіби конкурстар мен жобаларға қатысуы (соңғы бес жылда).</p>	<p>8 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің облыстық деңгейдегі олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; облыстық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу, облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстар мен жобаларға қатысу (соңғы бес жылда);</p> <p>9 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің республикалық деңгейдегі олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу, республикалық деңгейдегі кәсіби конкурстар мен жобаларға қатысу (соңғы бес жылда);</p> <p>10 балл – оқушылар мен тәрбиеленушілердің білім сапасының мониторингі; оқушылар мен тәрбиеленушілердің халықаралық деңгейдегі олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу, халықаралық</p>

		деңгейдегі кәсіби конкурстар мен жобаларға қатысу (соңғы бес жылда).
4. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен тұлғасын бағалау - 10 балл		
<p>1 балл – педагогтерді білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қауымдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың пікірлері)</p> <p>2 балл – педагогтерді білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің пікірлері)</p> <p>3 балл – педагогтерді білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, педагогикалық қоғам өкілдерінің пікірлері)</p> <p>4 балл – педагогтерді білім беру ұйымдары директорларының,</p>	<p>5 балл – педагогтерді ұлттық педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері)</p> <p>6 балл – педагогтерді Үкіметтің, ұлттық педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар; қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында мойындалуы));</p> <p>7 балл – педагогтерді Үкіметтің, ұлттық</p>	<p>8 балл – педагогтерді Үкіметтің, ұлттық педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, облыстық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында мойындалуы, қайырымдылық ұйымдарындағы мүшелік); оқушылар мен тәрбиеленушілерге әртүрлі ұлттар, мәдениет және дін адамдарымен өмір сүруге, жұмыс істеуге және қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін құнды білім беруді дамыту (Қазақстан Республикасының және басқа елдердің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық)</p> <p>9 балл – педагогтерді Үкіметтің, ұлттық педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің,</p>

<p>әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері).</p>	<p>педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, облыстық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында мойындалуы, қайырымдылық ұйымдарындағы мүшелік).</p>	<p>оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, республикалық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында мойындалуы, қайырымдылық ұйымдарындағы мүшелік); оқушылар мен тәрбиеленушілерге әртүрлі ұлт, мәдениет және дін адамдарымен өмір сүруге, жұмыс істеуге және қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін құнды білім беруді дамыту (Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық, оқушылармен алмасу бойынша бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу)</p> <p>10 балл – педагогтерді Үкіметтің, ұлттық педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа да қоғамдастықтар өкілдерінің, оқушылардың мойындауы (әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар,</p>
--	---	---

		<p>халықаралық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында мойындалуы, қайырымдылық ұйымдарындағы мүшелік); оқушылар мен тәрбиеленушілерге әртүрлі ұлттар, мәдениет және дін адамдарымен өмір сүруге, жұмыс істеуге және қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін құнды білім беруді дамыту (басқа елдердің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық, оқушылармен алмасу бойынша бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу).</p>
--	--	--

**«Жыл мұғалімі-2024» байқауына қатысуға ӨТІНІМ/
ЗАЯВКА на участие в конкурсе «Учитель года- 2024»**

Байқауға қатысуыма рұқсат етіңізді сұраймын. Өзім туралы келесі ақпаратты мәлімдеймін/ Прошу допустить меня к участию в конкурсе. Сообщаю о себе следующие сведения:

1	Жұмыс орны (білім беру ұйымының толық атауы)/ Место работы (полное название организации образования)	
2	Тегі, аты-жөні (жеке куәлік бойынша)/ Фамилия, имя, отчество (по удостоверению личности)	
3	Туған күні, айы, жылы/ Дата рождения, месяц, год	
4	Лауазымы/ Должность	
5	Педагогикалық өтілі/ Педагогический стаж	
6	Лауазымы бойынша жұмыс ұзақтығы/ Стаж работы в должности	
7	Білімі (қай оқу орны, факультет, бітірген жылы)/ Образование (какое учебное заведение, факультет, в каком году окончил)	
8	Біліктілік санаты/ Квалификационная категория	
9	Байланыс телефоны (үй, ұялы телефон), электрондық пошта/ Контактный телефон (домашний, мобильный), электронная почта.	

Қосымша/Приложение: конкурсқа қатысу үшін құжаттар _____ парақта/
документы для участия в конкурсе на _____ листах.

Өтінімнің толтырылу күні/ Дата заполнения заявки _____

Конкурсқа қатысушының жеке қолы/ Личная подпись участника конкурса _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы/ Подпись руководителя организации образования _____

М.П.

Ескерту/ Примечание: Конкурсқа қатысушылардың өтінімдері сканерленген нұсқада электрондық пошта арқылы жіберіледі/ Заявки участников конкурса отправит в сканированном варианте на электронную почту: bbdio@mail.ru (с указанием конкурса «Учитель года- 2024»).